

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Әдістемелік кеңес хаттамасы

2025-2026 оқу жылы

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Хаттама №1

Өткізілген күні: 10.09.2025 жыл

Қатысқандар: 22

Әдістемелік кеңестің №1 отырысы

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау, өзгерістер енгізу, толықтыру.
2. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу және өзгерістерді қарастыру. ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты үлгілік бағдарламаға шолу жасау.
3. Білім беру салалары бойынша балалардың біліктері мен дамуын анықтау мониторингі.

1. Тындалды: Балабақша әдіскері А.Ж Ахметова сөз сөйлеп, 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарының негізгі бағыттарымен таныстырды. Жоспарда тәрбиелеу мен оқытудың басым бағыттары, педагогтердің кәсіби дамуы, ата-аналармен жұмыс, балалардың денсаулығын нығайту және қауіпсіздік шаралары қамтылғаны атап өтілді.

2. Сөз сөйледі: Әдіскер А.Ж Ахметова әдістемелік нұсқау хаттың мазмұнымен таныстырды. Нұсқау хатта 2025–2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар, педагогтердің құжаттаманы жүргізу тәртібіндегі өзгерістер, ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлау ерекшеліктері, тәрбиелеу мен оқытуда заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану жолдары көрсетілгені атап өтілді.

Сонымен қатар нұсқау хатта білім беру мазмұнын жаңарту, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, қауіпсіз әрі дамытушы орта қалыптастыру, ата-аналармен өзара байланысты күшейту мәселелеріне ерекше көңіл бөлінгені айтылды.

3. Сөз сөйледі: Әдіскер А.Ж Ахметова сөз сөйлеп, білім беру салалары (Денсаулық, Қатынас, Таным, Шығармашылық, Әлеумет) бойынша балалардың жас ерекшеліктеріне сай біліктері мен дағдыларын анықтау мақсатында мониторинг жүргізудің маңыздылығына тоқталды. Мониторингің балалардың жеке даму деңгейін бақылауда, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруде маңызды екені атап өтілді.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы әдістемелік отырыста күн тәртібі мәселелерін тыңдап, талқылай келе, қаулы етті.

Қаулы :

1. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген өзгерістер мен толықтырулар 2025-2026 оқу жылына арналған күнтізбелік –тақырыптық жоспарларға енгізілсін.
3. Мониторинг барысында бақылау, диагностикалық тапсырмалар, ойын әрекеттері, әңгімелесу әдістері тиімді қолданылсын.

Төрайым:  А.Е.Карабалина
Хатшы:  А.Ж.Ахметова



ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Хаттама №2

Өткізілген күні: 08.10.2025ж

Қатысқандар: 20

Әдістемелік кеңестің №2 отырысы

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. «Мектепалды тобында жаңаша әдіс-тәсілдерді ойын арқылы тиімді пайдалану жолдары.
3. Кіші жастағы балалардың бейімделу деңгейін, ағымды бақылау.

1. Сөз сөйледі: Балабақша әдіскері А.Ж Ахметова өткен кеңестің шешімдері бойынша балабақшаның 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары педагогикалық ұжыммен талқыланып, бекітілді. Бекітілген жоспар негізінде оқу-тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген өзгерістер мен толықтырулар барлық жас топтарының күнтізбелік-тақырыптық жоспарларына енгізілді.

Тәрбиешілер жоспарларын жаңартылған талаптарға сәйкес түзетіп, жұмыс барысында басшылыққа алуда.

Балалардың біліктері мен дамуын анықтау мониторингі барысында бақылау, диагностикалық тапсырмалар, ойын әрекеттері және әңгімелесу әдістері тиімді қолданылуда. Мониторинг нәтижелері балалардың даму деңгейін анықтауға, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруге мүмкіндік беріп отыр.

2. Тыңдалды: Балабақша әдіскері А.Ж Ахметова мектепалды жастағы балалардың оқу іс-әрекетінде ойын арқылы оқытудың маңызына тоқталды. Жаңаша әдіс-тәсілдер (сын тұрғысынан ойлау, дамыта оқыту, STEM элементтері, интерактивті және цифрлық ойындар) балалардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететіні атап өтілді.

Тәрбиешілер Смагулова Г.И. мен Қиялова А.Б. дидактикалық ойындар, сюжеттік-рөлдік ойындар, қимылды ойындар, логикалық және зерттеушілік ойындарды оқу қызметінде жүйелі қолдану тәжірибелерімен бөлісті. Әсіресе ойын барысында баланың еркін ойлауына, өздігінен шешім қабылдауына мүмкіндік беру тиімді екені айтылды.

3. Тыңдалды: психолог Айжанова А. К. кіші жастағы балалардың балабақшаға бейімделу кезеңінің маңыздылығын атап өтті. Балалардың эмоционалдық жағдайы, мінез-құлқы, қарым-қатынасы, күн тәртібіне үйренуі ағымды бақылау арқылы жүйелі түрде зерделенгені айтылды.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы әдістемелік отырыста күн тәртібі мәселелерін тындап, талқылай келе, қаулы етті.

Қаулы:

1. Мектепалды тобында жаңаша әдіс-тәсілдерді ойын арқылы қолдануды жүйелі түрде ұйымдастыру.
2. Психолог балалардың эмоционалдық жағдайына тұрақты мониторинг жүргізсін.

Төрайым:  А. Е. Карабалина

Хатшы:  А. Ж. Ахметова



ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Хаттама №3

Өткізілген күні: 05.11.2025 жыл

Қатысқандар:23

Әдістемелік кеңестің №3 отырысы

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Шығармашылық тақырыпты дұрыс таңдаудың тиімді ерекшеліктері
3. Режимдік сәттерді СанПин талаптарына сәйкес орындау туралы нұсқау.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін көрсетуге дайындалуға нұсқаулық.
5. «Дене шынықтыру бойынша дидактикалық материалдар және көрнекіліктер қоры» тақырыптық бақылау қорытындысын жасау.
6. №2 Педагогикалық кеңеске дайындық.

1. Сөз сөйледі: Балабақша меңгерушісі А.Е.Карабалина А.Е. өткен кеңестің шешімдері бойынша мектепалды тобында жаңаша әдіс-тәсілдерді ойын арқылы қолдануды жүйелі түрде ұйымдастыру жөніндегі шешімге сәйкес, оқу-тәрбие процесінде дамытушы, дидактикалық, сюжеттік-рөлдік және қимылды ойындар жүйелі түрде қолданылуда. Тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметінде заманауи педагогикалық технологияларды ойын әрекетімен ұштастырып, балалардың танымдық белсенділігі мен қызығушылығын арттыруда. Психолог балалардың эмоционалдық жағдайына тұрақты мониторинг жүргізсін деген шешім негізінде, педагог-психолог тарапынан балалардың эмоционалдық көңіл-күйін анықтау мақсатында бақылау, әңгімелесу, диагностикалық әдістемелер жүйелі түрде жүргізілді. Мониторинг нәтижелері талданып, тәрбиешілер мен ата-аналарға ұсыныстар берілді. Балалардың эмоционалдық жағдайы тұрақты бақылауда.

2. Тыңдалды: Шығармашылық топ мүшелері шығармашылық тақырыпты дұрыс таңдаудың тиімді ерекшеліктері туралы ақпарат берді.

Баяндамада шығармашылық тақырыпты таңдауда оның өзектілігі, педагогтардың кәсіби дамуына әсері, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттырудағы маңызы атап өтілді. Тақырыптың нақты, мақсатты және тәжірибеде қолдануға ыңғайлы болуы керектігі айтылды.

3. Тыңдалды: меңгерушісі А.Е. Карабалина режимдік сәттерді СанПин талаптарына сәйкес орындау жөнінде нұсқау берді. Медбике З. Бурханова

санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау қажеттігін түсіндірді. СанПин талаптарын бұзбау үшін күн тәртібін қатаң сақтау және бақылауды күшейту қажеттігін атап өтті.

4. Сөз сөйледі: меңгеруші Карабалина А.Е. ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін сапалы өткізу үшін алдын ала дайындықтың маңыздылығын атап өтті. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін көрсетуге дайындық бойынша нұсқаулықпен таныстырды.

5. Тыңдалды: Тәрбиеші Қалабазарова Д «Дене шынықтыру» бойынша дидактикалық материалдар мен көрнекіліктер қорына жүргізілген тақырыптық бақылаудың қорытындысын баяндады. Бақылау барысында материалдардың мазмұны, жүйелілігі, жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, қауіпсіздігі және оқу қызметінде тиімді қолданылуы қарастырылғаны айтылды.

6. Сөз сөйледі: тәрбиеші Ниетбаева Г.Ж. №2 педагогикалық кеңеске дайындық барысы туралы мәлімет берді.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы әдістемелік отырыста күн тәртібі мәселелерін тыңдап, талқылай келе, қаулы етті.

Қаулы:

1. Шығармашылық тақырыптарды таңдауда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану.
2. Режимдік сәттерді СанПин талаптарына сай қатаң сақтау.
3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне жауапкершілікпен дайындалу.
4. «Дене шынықтыру» бойынша дидактикалық материалдарды толықтыру және жүйелеу.

Төрайым:  А.Е.Карабалина

Хатшы:  Г.Ж.Ниетбаева

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Хаттама №4

Өткізілген күні: 03.12.2025 жыл

Қатысқандар: 23

Әдістемелік кеңестің №4 отырысы

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. «Мамандықтар әлемі» сюжеттік-рольдік ойындар картотекасын жасау әдісі.
3. №3 педагогикалық кеңеске дайындық.

1. Сөз сөйледі: Балабақша әдіскері Г.Ж.Ниетбаева өткен кеңестің шешімдері бойынша педагогтер шығармашылық тақырыптарды таңдау кезінде білім беру бағдарламасының талаптарын, балалардың жас ерекшеліктерін және заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді басшылыққа алған. Тандалған тақырыптар жылдық жоспарға енгізіліп, әдістемелік тұрғыда бекітілген.

Барлық топтарда күн тәртібі СанПиН талаптарына сәйкес ұйымдастырылып, режимдік сәттердің сақталуына тұрақты бақылау жүргізілуде. Тамақтану, ұйқы, серуен және оқу қызметтері белгіленген уақыт кестесіне сай орындалуда.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері бекітілген жоспарға сәйкес өткізілді. Педагогтер оқу қызметтеріне алдын ала дайындалып, көрнекі және дидактикалық материалдарды тиімді қолданды. Ашық оқу қызметтерінің сапасына әдістемелік талдау жасалды.

Дене шынықтыру бойынша дидактикалық материалдар толықтырылып, тақырыптар бойынша жүйеленді. Құрал-жабдықтардың қауіпсіздігі мен жас ерекшелігіне сәйкестігі қарастырылды. Кейбір материалдар жаңартылып, әдістемелік қор толықтырылды.

2. Тыңдалды: Балабақша әдіскері Г.Ж.Ниетбаева: сюжеттік-рөлдік ойындар балалардың ойлау, сөйлеу, әлеуметтік-қоғамдық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. «Мамандықтар әлемі» тақырыбы балаларға әртүрлі мамандықтармен танысуға, қоғамдық рөлдерді үйренуге мүмкіндік береді.

Картотеканы жасау кезінде төмендегілер ескеріледі:
Мақсаттары:

Балалардың кәсіби әлем туралы білімін кеңейту;

Әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру;

Шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.

Картотека құрылымы:

Ойынның атауы: мысалы, «Дәрігерлік кабинеттің жұмыс күні», «Дүкен менеджері».

Мақсаты: балалардың белгілі бір рөлде әрекет жасау қабілетін дамыту.

Қажетті құрал-жабдықтар: ойыншықтар, киімдер, материалдар.

Ойын барысы: қадам-қадаммен сипаттау.

Қосымша тапсырмалар: рөлдік диалогтар, сұрақ-жауап, тапсырмалар.

Ұйымдастыру әдістері:

Топта немесе жұппен ойнау;

Әр топқа рөлдерді бөлу;

Мәдениет және қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Картотеканы жүйелі түрде жаңарту, әр ойынның қысқаша сипаттамасы мен оқу мақсаттарын көрсету ұсынылады.

3.Сөз сөйледі: Әдіскер Г.Ж.Ниетбаева №3 педагогикалық кеңеске дайындық барысы туралы мәлімет берді.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы әдістемелік отырыста күн тәртібі мәселелерін тыңдап, талқылай келе, қаулы етті.

Қаулы:

1.Барлық тәрбиешілерге «Мамандықтар әлемі» сюжеттік-рөлдік ойындар картотекасын жасау міндеттелсін.

2. №3 педагогикалық кеңеске белгіленген жоспар бойынша дайындықты жалғастыру.

Төрайым:  А.Е.Карабалина

Хатшы:  Г.Ж.Ниетбаева



ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Хаттама №5

Өткізілген күні: 08.01.2026 жыл

Қатысқандар: 21

Әдістемелік кеңестің №5 отырысы

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.

2. «Таңғы жаттығулардың бала дамуындағы маңызы»

1. Сөз сөйледі: Балабақша әдіскері Г.Ж.Ниетбаева өткен кеңестің шешімдері бойынша барлық жас топтарының тәрбиешілері өз топтарының ерекшеліктеріне сай «Мамандықтар әлемі» сюжетті-рөлдік ойындарының картотекасын дайындап, оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі түрде қолдануда. Дайындалған картотекалар әдістемелік қорда жинақталып, тәжірибе алмасу мақсатында пайдаланылуда.

2. Тыңдалды: дене шынықтыру маманы Игілікова Г: таңғы жаттығулардың бала ағзасын сергітудегі, қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастырудағы, бұлшық еттерін шынықтырудағы маңызын атап өтті. Таңғы жаттығулар балалардың көңіл күйін көтеріп, күн бойы белсенді болуына, денсаулықтарын нығайтуға ықпал ететіні айтылды.

Таңғы жаттығулардың негізгі мақсаты – баланың ағзасын ояту, қан айналымын жақсарту, тыныс алу жүйесін дамыту, дұрыс дене қалпын қалыптастыру екені түсіндірілді.

Таңғы жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып ұйымдастыру қажеттігін айтты. Музыканы пайдалану, ойын элементтерін енгізу балалардың қызығушылығын арттыратынын атап өтті

№4] «Назерке» бөбекжай-балабақшасы әдістемелік отырыста күн тәртібі мәселелерін тыңдап, талқылай келе, қаулы етті.

Қаулы:

1. Таңғы жаттығулар барлық жас топтарында күнделікті, жүйелі түрде өткізілсін.

Торайым:

А.Е.Карабалина

Хатшы:

Г.Ж.Ниетбаева